

«Dariya» балабақшасы
Әдістемелік кеңес отырысының
№3 хаттамасы

02 сәуір 2025 жыл

Қатысқаны:6

Күн тәртібінде:

1. «Қоршаған ортамен танысу, экология негіздері арқылы баланың эстетикалық талғамын қалыптастырудың маңызы.»
2. Шалва Амонашвили «Ізгілік педагогикасы.»

Сөз алды:

Балабақша әдіскері сөз алып 29.11.2024 ж өткен №2 әдістемелік кеңестің шешімінің орындалуын баяндады. Әдіскер өз сөзінде «Реджио – педагогика элементтерін мектепке дейінгі ұйымның тәрбиелеу – оқыту процесіне енгізу нәтижелері» бойынша қабылданған шешім бойынша жүргізілген жұмыстарды айтып өтті. Мысалы «Кеңістік – үшінші тәрбиеші.» бағыты бойынша «Күзгі экспозиция» сабағы жүргізілді, топта баланың еркін таңдауына арналған табиғи және қалдық материалдардан күзгі ағаштар жасалды.

«Бала бейнесі,» - бала білімді өздігінен меңгеруге қабілетті белсенді зерттеуші болатындығы мақсатында «Аспан астындағы әлем» сабақтарын ерекше атап өтуге болады.

Тыңдалды:

Әдістемелік кеңестің 1 – сұрағы бойынша тәрбиеші А.Алиева сөз алды.

Ол «Қоршаған ортамен танысу, экология негіздері арқылы баланың эстетикалық талғамын қалыптастырудың маңызы» тақырыбында баяндама оқыды. Экологиялық тәрбиемен білім – беру қазіргі таңдағы айқын бағыттардың бірі, деді өз баяндамасында. Экологиялық мәдениеттілікке тәрбиелеу неғұрлым ерте басталса, соғұрлым оның болашағы зор болмақ. Мектепке дейінгі ұйымдардағы экологиялық тәрбие берудің маңызды міндеті - балалардың табиғаттың әсемдігін көріп түсіне білуге, тірі табиғатқа қамқор бола білу, деді баяндамашы.

Сөз алды:

Балабақша әдіскері сөз алып балалардың эстетикалық талғамын арттыру үшін табиғи материалдармен жұмыс істеу маңызды және серуен кезінде балалардың назарын айналадағы түстерге, дыбыстарға аударуды ұсынды.

Тындалды:

Әдістемелік кеңестің екінші сұрағы бойынша «Еркетай» тобының тәрбиешісі А.Шамишева баяндама оқыды. Ол өз сөзінде Шалва Амонашвилидің ізгілік педагогикасының негізгі қағидаларына тоқталды. Балаға деген шексіз махаббат, оның жеке тұлғасын сыйлау және балабақшада рухани – жайлы орта қалыптастыру – бүгінгі таңдағы адамгершілік тәрбиешінің басты тірегі екенін атап өтті. Амонашвилидің «Балаға ең алдымен рухани ана, рухани әке болу керек» деген идеясын басшылыққа ала отырып, тәрбиешілер баламен бұйрық беру емес, ынтымықтастық тілінде сөйлесуі қажеттігін айтты.

Сөз алды:

«Достық» тобының тәрбиешісі сөз алып Амонашвили әдістемесін балабақшада қолданудың нақты жолдарын көрсетті.

1. Баланы басқа баламен емес, тек өзінің кешегі нәтижесімен салыстыру;
2. Балаға «сенің қолыңнан келеді, мен саған сенемін» деген сөздерді жиі айту арқылы адамгершілік сезімін ояту.

Қаулы:

1. Табиғатпен танысу сабақтарында балалардың эстетикалық талғамын дамытуға бағытталған шығармашылық тапсырмалар жиі қолданылсын.
2. Серуен уақытында экологиялық бақылаулар мен «табиғаттағы сұлулықты тап» сияқты ізденіс ойындары тұрақты ұйымдастырылсын.
3. Шалва Амонашвилидің «Ізгілік педагогикасы» негіздері балабақшаның барлық топтарындағы тәрбие – оқу үдірісіне енгізілсін.



Г.З.Жакупова

А.Б.Алиева